

Желдибаева Райгуль Сериковнаның
8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін
дамыту» тақырыбындағы диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПИКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» Занының педагог қызметкерлерінің және оларға теңестірілген адамдардың лауазымдарына қатысты қызметтері, іс-әрекеттері, құзыреттіліктеріндегі өзгерістерінің болуындағы жаңаша қозқарас, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «2029 жылға дейін жоғары білім беруді дамыту саясатын іске асыру заңнамалық негізді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дербестігін, университеттер мен ғылыми институттарға таланттарды тартуды, білім мен құзыреттілік деңгейін арттыру мәселелерінің айрықша атап өтілуі Р.С.Желдибаеваның диссертация тақырыбының мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келетіндігін дәлелдейді. Р.С.Желдибаеваның зерттеу жұмысы жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамы мен мәнін, оларды практикалық тәжірибеде колдануын, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған педагогикалық ғылым дамуындағы өзекті мәселелерді қамтиды.</p>
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан	<p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 8-ші бағытына «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», соның ішінде §8.1.1 Ғылым және технологиялар саласындағы зерттеулерді дамытудың өзекті мәселелері сиякты нысаналы бағдарламалар идеясына сәйкестігімен сипатталады.</p>

		Республикасының Үкіметі жаңындағы Жогары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым багытына сәйкес (багытын корсету)	
2.	Ғылымга маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаган.</u>	<p>Диссиденттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына <i>елеулі үлес қосады</i>. Р.С.Желдибаевың жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың қажеттілігін және оны теориялық негіздерін аныктай отырып, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың мәнін аша отырып, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамын аныктап, отандық білім беру саласында бәсекеге қабілетті маман даярлауга, педагогикалық ғылым саласын дамытуға <i>үлесін қосады</i>. Оған мысал ретінде «жаһандану», «жаһандық білім беру», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымдары нактыланып, ғылыми айналымға енгізілуі диссертацияның маңыздылығын ашады.</p> <p>Зерттеу проблемасына сәйкес құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы мен оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттарының айқындалуы да, оны тәжірибелеге енгізу мақсатында жасалған әдістемесі де педагогикада ғылыми маңыздылық пен теориялық құндылыққа ие.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жогары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	<p>Р.С.Желдибаевың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жогары екендігін зерттеу проблемасына қатысты ғылыми әдебиеттерге, негізі ұғымдарға жасаған талдауынан; өз ойын кестеге, суретке түсіріп тұжырымды ұсынуынан; ғылыми тұжырымдар түйіндеуінен; галымдардың берген ойларына өз пікірін білдіруінен; жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысын рәсімдеуден; алынған практикалық нәтижелерді сипаттаудан да аңгарура болады, қойылған зерттеу міндеттері толығымен шешімін тапкан, жұмыстың тараулары мен бөлімдері өзара логикалық байланыскан, дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады.</p>
4.	Ішкі бірлік	4.1Диссертация	Р.С.Желдибаевың зерттеу жұмысының

	<p>принципі</p>	<p>өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>өзектілігі толықтай негізделген. Ең алдымен, Қазақстан Республикасының ғылым мен жогары білім саласының әлемдік жаһандану процесіне кіріктірілуі барысында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту өзекті мәселе екендігімен <i>негізделген</i>.</p> <p><i>Екіншіден,</i> зерттеу жұмысының міндеттерінің мемлекеттің ғылым мен жогары білім саласын дамыту саясатының негізгі басымдылықтарына сәйкес өзектілігі дәлелденген.</p> <p><i>Үшіншіден,</i> болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкес дамытуға қоғамның сұранысы мен оны дамытуға болашақ педагог-психологтардың дайындығы мәселесінің зерттелу денгейінің жеткіліксіздігі арасында; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесін зерттеу қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің айқындалмауы арасында; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда жогары оқу орындарындары білім беру процесінің жогары мүмкіндіктері мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмауы арасындағы қарамақайшылықтарды жою мәселесімен өзектілігі <i>негізделген</i>.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындауды <p>R.C.Желдибаевының диссертациясының мазмұны «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты диссертация тақырыбын тольк көлемде анықтайды.</p> <p>Зерттеу жұмысының 1-тaraуында жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту теориялық түргыдан негізделеді. «Жаһандану», «Жаһандық білім беру» ұғымдарының мәні нақтыланады. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәндік сипаттамасы беріліп, құрамы айқындалады. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалады.</p> <p>2- тарауда жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың диагностикасы анықталып, мазмұндалады. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесі жасалады, оның</p>

		<p>тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, нәтижелері дәлелді баяндалады.</p> <p>Диссертация 2 тараудан тұрады және оның 8 бөлімшесі зерттеу тақырыбын толық айқындаиды.</p>
	<p>4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант зерттеудің мақсатын «жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды теориялық түрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру»деп тұжырымдап, оған 4 міндет арқылы қол жеткізген. Оның әрбір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындаиды:</p> <p>Зерттеу жұмысының 1-тарауында «Жаһандану», «Жаһандық білім беру» ұғымдарының мәнінің ашылуы (§1.1), жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамы мен мәндік сипаттамасы берілуі (§1.2) диссертацияның 1-міндеттіне сәйкес екені байқалады. Ал зерттеудің 2-міндеттінің – «жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының көрсеткіштері мен деңгейлерін айқындау» диссертациялық жұмыстың 3- болімшесінде толығымен сипатталады.</p> <p>Зерттеудің 3-міндетті жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық (мақсаты, әдіснамалық тұғырлар, жаһандық білім беру принциптері), мазмұндық (дамыту процесінің мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, кезеңдері), інтижелік (көрсеткіштері, деңгейлері, диагностикалық әдістері) бөліктерден тұратыны 1-тараудың 4- болімшесінде жан-жақты талданып, негізделеді.</p> <p>Зерттеу жұмысының 2-тарауы жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру 4-ші міндетке толық сәйкес келеді.</p> <p>Осы айтылғандар Р.С.Желдибаевының диссертациясының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкестігін дәлелдейді.</p>
	4.4 Диссертацияның	Диссертациялық жұмыс 2 тарау мен 8

	<p>барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>бөлімшелерден, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан, 54 суреттен, 48 кестеден тұрады. Дұрыс тандалған тараулар мен бөлімше тақырыптары олардың логикалық байланысын байқатады, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың теориялық негіздерін ашу зерттеуді дұрыс жүзеге асырылғандығын көрсетеді және жүйелік тұғыр түргысынан жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәні мен құрамын, анықтау мен құрылымдық мазмұндық моделін жасау жұмыстың теориялық әдіснамасына негізделген, олар 1- ші тараудың бөлімшелерінің арасындағы тығыз байланысты дәйектейді.</p> <p>Ал, 2-тараудагы ұсынылған әдістеме мен тәжірибелік-эксперимент жұмысының мазмұнында 1-тарауда жасалған модельді практикада колдану барысын қарастырган. Сондай-ақ, пайдаланылған әдебиеттер зерттеу тақырыбын ашуға толығымен жетеді, накты колданысын тапқан. Ал, қосымшада берілген материалдар диссертацияның практикалық бөлімінде эксперимент арқылы дәлелденген.</p> <p>Бұл, Р.С.Желдибаевың диссертациясының құрылымы барлық тараулары мен бөлімшелерінің логикалық байланысын дәлелдейді. Автор алған нәтижелер зерттеу максаты мен міндеттеріне сәйкес және ішкі бірлікті сипаттайды.</p> <p>Гылыми аппаратка сәйкес теориялық мәліметтер, анықтау және қалыптастыру, корытындылау эксперименттері мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.</p> <p>Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі бойынша педагогика саласындағы теориялар мен гылыми әдебиеттерге Р.С.Желдибаева <i>сыни талдау</i> жүргізген. Соның негізінде зерттең отырган тақырып бойынша теориялық және әдіснамалық базалардағы кемшіл тұстарды көрсетіп, оны толықтыру бойынша зерттеу жүргізген.</p> <p>Бұл сынни талдау диссертантқа жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық мазмұндық моделін және жүзеге асыру әдістемесін әзірлеуге мүмкіндік берген. Ал алынған тәжірибелік-эксперимент нәтижелері сапалық және сынни талдау арқылы дәлелденген. Р.С.Желдибаевың жүргізген сынни талдауы</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі бойынша педагогика саласындағы теориялар мен гылыми әдебиеттерге Р.С.Желдибаева <i>сыни талдау</i> жүргізген. Соның негізінде зерттең отырган тақырып бойынша теориялық және әдіснамалық базалардағы кемшіл тұстарды көрсетіп, оны толықтыру бойынша зерттеу жүргізген.</p> <p>Бұл сынни талдау диссертантқа жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық мазмұндық моделін және жүзеге асыру әдістемесін әзірлеуге мүмкіндік берген. Ал алынған тәжірибелік-эксперимент нәтижелері сапалық және сынни талдау арқылы дәлелденген. Р.С.Желдибаевың жүргізген сынни талдауы</p>

			оның әрбір мәселені жеке бағалай алуын өзіндік ғылыми үстанимының қалыптасқандығын байқатады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен кагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми нәтижелер толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Бірінші жаңалығы</i> – жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту қажеттілігі көрсетілген және осы бағыттағы ғылыми жұмыстар зерделенген; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәні анықталып, құрамы айқындалып, оның сипаттамасы негізделеді.</p> <p><i>Екінші жаңалығы</i> – жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттерге сәйкес көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалады.</p> <p><i>Үшінші жаңалығы</i> – жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалып, тұжырымдамалық, мазмұндық және нәтижелік беліктерден тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі жасалады.</p> <p><i>Төртінші жаңалығы</i> – жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдерден тұратын әдістемесі жасалады, әдістеме жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілікті кезеңде дамыту құрылымына сәйкес анықтайты және оны жүзеге асырудың жаңа мазмұнын, педагогикалық тапсырмаларды, оқытудың инновациялық әдістері мен құралдарын, үйімдастыру формаларын қамтыған, әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Р.С.Желдибаевың диссертация корытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>1- корытынды педагог-психологтың кәсіби портретін жасау мен жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамын айқындау авторға жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін олардың диагностикалық, коррекциялық, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу функцияларын жүзеге асырудагы жаһандық білім беру</p>

		<p>талаптарына сәйкес гумандық ұстанымдағы толеранттылық тұлғалық сапасы мен инновациялық, дүниетанымдық білім, білік, дагдыларының кіріктірілген жынтығы деп нақтылауына мүмкіндік берген.</p> <p>2- корытынды автор жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың корсеткіштері мен деңгейлерін инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттері құрамына сәйкес және Б.Блумның оку максаттарының дәстүрлі класификациясына негіздел айқындалған және жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуын бағалаудың тиімділігін корсеткен.</p> <p>3- корытынды жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың күрьымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық (мақсаты, әдіснамалық тұғырлар, жаһандық білім беру принциптері), мазмұндық (дамыту процесінің мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, кезеңдері), інтижелік (корсеткіштері, деңгейлері, диагностикалық әдістері) бөліктерінің бірлігі ретінде қарастырылған.</p> <p>4-корытынды жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың деңгейлерін Б.Блум таксономиясына негіздел айқындастырылған; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдермен дамытудың әдістемесін: «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курсын, «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренингін, «Secret of success of educational psychologist» ашық есік күндері мен «10 сұхбат» аудиториядан тыс іс-шараларын практикага ендіруді автор ұсынған инновациялық әдістәсілдерді колданып жүзеге асырғанда інтижелі болады.</p>
5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып	<p>Р.С.Желдибаева жүргізген зерттеуінде жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілін дамыту бойынша 5 ұсынысты анықтауга болады. Олар: жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәні мен құрамы және оны дамытудың моделі осы салада білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі түрде мемлекеттегі септігін тигізеді.</p>

		<p>табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Оларды педагогтердің біліктілігін жетілдіретін институттардың бағдарламаларына енгізу қажет; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда жоғары оқу орындары білім беру процесін тиімді пайдалану қажет; «Secret of success of educational psychologist» ашық есік күндері мен «10 сұхбат» аудиториядан тыс іс-шаралар бағдарламаларының мазмұнын іске асырудың мүмкіндіктерін практикаға ендірген жөн; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда ұсынып отырган элективті курс тренинг бағдарламасы аясында инновациялық технологияларды қолдану негізінде жүзеге асырган дұрыс; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстарды жоғары оқу орындарының және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарында тақырыптық іс-шаралар откізуде негізге алу қажет. Автордың басқа да ұсыныстары қолдауга әбден лайыкты, ұсынған шешімдері гылыми-тәжірибелік негізі технологиялық тұрғыдан <i>толығымен жаңа және негізделген</i> болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдарды оқу процесіне ендіру актісі және тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелерімен гылыми жарияланымдармен <i>расталған</i>.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар гылыми тұрғыдан қарғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Р.С.Желдибаевың зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдарымен философиялық, психологиялық педагогикалық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының, зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттеріне <i>сәйкестілген</i>, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, әртүрлі диагностикалық әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етіліп, ауқымды дәлелдемелерде <i>негізделген</i>.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген зерттеудің негізгі ұғымдарын нактылау психологиялық-педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға негізделген (1-тарау 1-2-, бөлімшелер). Диссертанттың жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесіне көткестік отандық ғалымдардың диссертациялық зерттеулері сонғы жылдары карқынды журғізіле бастағандығын негізден, зерттеулердің</p>

			багыттарын топтастырып, бөліп қарастыруынан көргө болады.
7.	Қорғауға шыгарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұраптарға жауп беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Іздеші-докторант Р.С.Желдибаева диссертациялық жұмысы бойынша ұсынған төрт қагида <i>толығымен дәлелденген</i>. Себебі, ұсынылып отырган тұжырымдар алынған максат пен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік үстанымдылығын аңгартады.</p> <p>7.1 «Жаһандану жағдайында болашак педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дегеніміз олардың диагностикалық, коррекциялық, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу функцияларын жүзеге асырудагы жаһандық білім беру талаптарына сәйкес гумандық үстанымдағы толеранттылық тұлғалық сапасы мен инновациялық, дүниетанымдық білім, білік, дағдыларының кіріктірілген жынынтығы» деп тұжырымдауды да дәлелденіп <i>негізделген</i>. Дәл осы сияқты басқа да қагидаттар теориялар мен тұжырымдамаларға негізделіп, эксперимент арқылы дәлелденген.</p> <p>7.2 Жұмыс <i>тривиалды емес</i>. Себебі, барлық жаңағылтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, күрылымдық-мазмұндық моделін жасағандығымен дәлелденген, бұл жұмыстың ұтымдылығын арттырады.</p> <p>7.3 Қагидалар <i>жаңа</i> деп тұжырым жасауга негіз бар. Себебі, төрт міндет бойынша алынған жаңағылтар корғауға ұсынылатын қагидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен дәлелденеді.</p> <p>7.4 Жұмыстың қолдану деңгейі кең деп танылады. Себебі, инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттері жетілген болашак педагог-психолог кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкестендіруде, білім деңгейін арттыруда диссертация қагидаттарының қолдану деңгейі кең ауқымды. Осылайша жаһандану жағдайында болашак педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі кең ауқымды екені <i>дәлелденген</i>.</p> <p>7.5 Диссертациядагы барлық қагидалар мен тұжырымдар талапқа орай қажетті базылымдарда жарияланған, ғылыми қауымдастықтың назарына салынып, тиесті журналдарда, оның ішінде Scopus базасына</p>

			енген шетелдік басылымдарда жарық көрген. Атап айтқанда, The adaptation and validation of the global competence scale among educational psychology students //International Journal of Education and Practice. – 2023. – Vol. 11, Issue 1. – P. 35-46.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	8.1 Зерттеу барысында басшылыққа алынған жүйелік, іс-әрекеттік, құзыреттілік әдіснамалық тұғырлары мен жаһандық білім беру принциптері ғылыми тұрғыдан негізделген. Р.С.Желдибаева ғылыми әдістерді нақты пайдаланған және тиімділігін дәлелдеген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	8.2 Зерттеудің максатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссидентпен анықталған. Теориялық әдістер (алыс және жақын шетелдік, отандық галымдардың психологиялық, педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерін зерделеу); диссертациялық зерттеулерді талдау, зерттеу материалдарын жинақтау, корытындылау, салыстыру, нақтылау; практикалық әдістер: бақылау, білім алушылармен және оқытушылармен пікір алмасу, сауалнама, тесттік тапсырмалар, нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, тәжірибелік-эксперимент жұмысын жүргізу); статистикалық, графикалық әдістерді қолданған. Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған.
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Теориялық корытындылар Илияс Жансүтіров атындағы Жетісу университеті, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеттерінде жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысында дәлелденген және расталған. Жаһандану жағдайында болашак педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы: «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курс бағдарламасы; «Жаһандану жағдайында болашак педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренинг; «Secret of success of educational psychologist» ашық есік күндері мен «10 сұхбат» аудиториядан тыс ішаралары, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде қол жеткізілген нәтижелер эксперимент негізінде дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге	Диссидент ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды. Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми

		<p>сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткілікесіз</p>	<p>әдебиеттерге сілтемелер берілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыста 206 атавдан тұратын дереккөздерге сілтемелер берілген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, докторант алдына койған мәселені шешуғе жанжакты қарастыргандығы, әдеби шолуга жеткілікті деп санаймын.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық үсіністар жаңа болып</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі: - жаһандану жағдайында болашақ педагог- психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәні анықталып, құрамы айқындалып, оның сипаттамасы негізделген; - жаһандану жағдайында болашақ педагог- психологтардың кәсіби құзыреттілігінің инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттерге сәйкес көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалған; - жаһандану жағдайында болашақ педагог- психологтардың кәсіби құзыреттілігінің дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалып, тұжырымдамалық, мазмұндық және інтижелік боліктерден тұратын курылымдық-мазмұндық моделі жасалған; - жаһандану жағдайында болашақ педагог- психологтардың кәсіби құзыреттілігінің дамытудың мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдерден тұратын әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілген.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары. Себебі: - жаһандану жағдайында болашақ педагог- психологтардың кәсіби құзыреттілігінің дамытудың диагностикасы; - жаһандану жағдайында болашақ педагог- психологтардың кәсіби құзыреттілігінің дамытуға арналған элективті курсы; - жаһандану жағдайында болашақ педагог- психологтардың кәсіби құзыреттілігінің дамытуды практикалық тұрғыдан камтамасыздандыратын тренинг бағдарламасы; - жаһандану жағдайында болашақ педагог- психологтардың кәсіби құзыреттілігінің дамытуға багытталған аудиториядан тыс іс-шаралар үйімдестерінде, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.</p> <p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық үсіністар толығымен жаңа және</p>

		табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашак педагог-психологтарды даярлайтын білім беру үйімдарында, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссиденттант академиялық жазу ерекшеліктеріне сәйкес, ғылыми стильді ұстанып зерттеу жұмысын орындаған. Диссертациялық жұмыстың құрылымын рәсімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс жүйелі түрғыда жазылған және академиялық жазу сапасы жоғары.

Шешім: Зерттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің маңыздылығын ескере отырып, Райгуль Сериковна Желдибаеванаң 8D01101- Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясы аяқталған және Қазақстан Республикасы Ғылым және және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент,

педагогика ғылымдарының кандидаты,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік

университетінің доценті



Ж.А. Жусупова